

Қатысушылардың жалпы жиналысының
2026 ж. 01.04. №1 хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ

**«Football For Kids»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Football For Kids» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор/ Коммерциялық емес ұйым) - азаматтар мен заңды тұлғалардың ерікті мүлдітік жарналары негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңына сәйкес құрылған, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым.
- 1.2. Қор мемлекеттік тіркелген кезден бастап заңды тұлға құқығына ие болады.
- 1.3. Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады, негізгі мақсаты ретінде кіріс алу болып табылмайды және алынған таза табысты құрылтайшылар (қатысушылар) арасында бөлуге құқылы емес. Бұл ретте Қор өзінің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы. Мұндай қызметтен түсетін кірістер тек қана жарғылық мақсаттарға қол жеткізу және Қорды дамыту үшін пайдаланылады және құрылтайшылар (қатысушылар) арасында бөлуге жатпайды.
- 1.4. Қордың оқшауланған мүлкі, дербес балансы, валюталық шотты қоса алғанда банк шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған дөңгелек мөрі, фирмалық бланкілері және заңды тұлғаның басқа да атрибуттары бар.
- 1.5. Қор өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүлдітік және жеке мүлдітік емес құқықтар алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.
- 1.6. Қор өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлдікпен жауап береді. Қор оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 1.7. Қор Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктер ашуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болуға құқылы. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына қайшы келмесе, Қор заңды тұлға, филиал және өкілдік құрылатын мемлекеттің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер ашуға, басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болуға құқылы.
- 1.8. Қор ерікті негізде қауымдастықтарға (одақтарға) бірігуге, халықаралық, қоғамдық және өзге де ұйымдармен қызметке қатысуға және өзге де нысанда ынтымақтасуға құқылы.
- 1.9. **Қордың толық атауы:**
 - мемлекеттік тілде: «Football For Kids» Қоғамдық қоры;
 - орыс тілінде: **Общественный фонд «Football For Kids»;**
 - ағылшын тілінде: **Public Fund «Football For Kids».**
- 1.10. Қордың қысқартылған атауы:
 - мемлекеттік тілде: «Football For Kids» ҚҚ;
 - орыс тілінде: **ОФ «Football For Kids»;**
 - ағылшын тілінде: **PF «Football For Kids».**
- 1.11. **Қордың орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 шағын ауданы, 55-үй, 6-пәтер.

2. МӘНІ. МАҚСАТЫ. МИССИЯСЫ. МІНДЕТТЕРІ.

- 2.1. Қор қызметінің мәні балалар футболын, дене шынықтыру мен спортты дамыту саласында әлеуметтік бағытталған және қоғамдық пайдалы қызметті жүзеге асыру болып табылады, оның ішінде спорттық инфрақұрылымды құру және дамыту, балалар мен жасөспірімдер спортын қолдау және дамыту, спорттық және әлеуметтік жобаларды іске асыру, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету.
- 2.2. Қор қызметінің негізгі мақсаттары:
 - Қазақстан Республикасының өңірлерінде бұқаралық балалар футболын дамыту;
 - балалардың тұрғылықты жеріне қарамастан дене шынықтыру және спортпен айналысуының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
 - Қазақстан Республикасының өңірлерінде балалар спорты саласындағы жаттықтырушылар мен өзге де мамандарды даярлау сапасын арттыру;
 - спорт, дене шынықтыру және балаларды дамыту саласындағы білім беру бағдарламаларын дамыту;

- балалардың дене шынықтыру және спортпен айналысуына арналған спорттық инфрақұрылымды құру, дамыту және жетілдіру;
 - балалар спорты саласында волонтерлік мәдениетті дамыту, сондай-ақ балалар футболын қолдауға бағытталған тұрақты қоғамдастық қалыптастыру;
 - балалардың физикалық, әлеуметтік және психологиялық дамуына жәрдемдесу.
- 2.3. Қордың жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындайды:
- Қазақстан Республикасының өңірлерінде балалар футболын дамыту, оның ішінде спорттық секцияларды құру, ұйымдастыру және қолдау, сондай-ақ балалардың спорт арқылы әлеуметтік дағдыларын дамытуына арналған қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру;
 - балалар және бұқаралық футбол саласындағы жаттықтырушылар мен мамандарды оқытуды, олардың біліктілігін арттыруды және әдістемелік қолдауды ұйымдастыру, оның ішінде жаттығу әдістемелерін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ олардың қызметін сүйемелдеу;
 - білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, оның ішінде офлайн семинарлар мен тренингтер өткізу, сондай-ақ бұқаралық футбол саласындағы жаттықтырушылар мен мамандар үшін онлайн-платформалар мен өзге де білім беру ресурстарын құру және дамыту;
 - волонтерлік қозғалысты дамыту және қолдау, сондай-ақ Қор жобаларын іске асыруға және балалар футболын қолдауға тартылған қоғамдастықты қалыптастыру және дамыту, оның ішінде қайырымдылық жасаушылар мен серіктестерді тарту;
 - Қордың спорттық секциялары жанында волонтерлік бағдарламаларды қалыптастыру, ұйымдастыру және дамыту;
 - ата-аналарды, жастарды және жергілікті қауымдастықтарды Қор қызметіне және балалар футболын қолдауға қатысуға тарту;
 - корпоративтік волонтерлікті дамыту және Қордың әлеуметтік және спорттық жобаларын іске асыруға өзге де серіктестерді тарту;
 - балалар футболын қолдауға бағытталған әлеуметтік бастамаларды, іс-шаралар мен акцияларды ұйымдастыру және өткізу;
 - спорттық және білім беру бағдарламалары арқылы қатысу, өзара көмек және қолдау құндылықтарын дәріптеу.
- 2.4. Қордың миссиясы — Қазақстан Республикасының өңірлерінде қолжетімді әрі тұрақты балалар футболын дамыту, шағын қалалар мен ауылдық жерлерде тұратын балалар үшін тең мүмкіндіктер жасау, қауіпсіз және қолдаушы орта қалыптастыру, сондай-ақ жаттықтырушылық білім беруді, спорттық инфрақұрылымды және білім беру бағдарламаларын дамытуға жәрдемдесу.

3. ҚОР ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫНЫҢ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) құқығы бар:
- Қордың органдарына сайлау және сайлану;
 - жазбаша өтініш бойынша Қорға кіруге және одан шығуға. Жаңа құрылтайшыларды (қатысушыларды) қабылдау туралы шешімді жалпы жиналыс құрылтай шартында айқындалған мөлшерде мүліктік жарна толық төленген жағдайда қабылдайды.
- 3.2. Қордың құрылтайшылары (қатысушылары) міндетті:
- Қордың құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салым салуға;
 - Қордың Жарғысы мен Құрылтай шартының талаптарын сақтауға;
 - қорға зиян келтіретін әрекеттерге жол бермеуге.

4. ҚОР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- 4.1. Жоғары орган - Құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысы.
- 4.2. Қамқоршылық Кеңес.
- 4.3. Директор-жеке-дара атқарушы орган.
- 4.4. Бақылау органы-тексеру комиссиясы.

5. ҚОР ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫНЫҢ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ) ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 5.1. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелерді шешу жатады:
- құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру, тарату, тарату комиссиясын тағайындау;
 - Қамқоршылық кеңестің, Тексеру комиссиясының құзыретін, сандық құрамын, оларды қалыптастыру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау және олардың ережесін бекіту;
 - Атқарушы органның қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ Тексеру комиссиясының Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу және оның нәтижелерін бекіту тәртібін айқындау;
 - заңнамалық актілерде белгіленген шектерде Қордың басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімдер қабылдау;
 - Қордың стратегиялық даму бағыттарын айқындау;
 - Қордың бюджетін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - Қордың қызметіне аудиторлық тексеруді жүзеге асыру туралы шешім қабылдау;
 - Қордың жылдық есебін бекіту.
- 5.2. Қосылған қатысушылар құрылтайшылар сияқты құқықтар мен міндеттерге ие.
- 5.3. Қорға қатысушылардың жалпы жиналысы осы Жарғыда белгіленген кезеңділікпен және тәртіппен, бірақ жылына кемінде бір рет шақырылады. Кезекті және кезектен тыс жалпы жиналыстар шақырылуы мүмкін. Жалпы жиналысты өткізу уақыты мен орнын Қордың директоры айқындайды.
- 5.4. Кезекті жалпы жиналысты Қор директоры шақырады. Кезектен тыс жалпы жиналысты директор Қор құрылтайшысының (қатысушысының) немесе Қордың Қамқоршылық кеңесі, Тексеру комиссиясы мүшелерінің жартысынан астамының талап етуі бойынша шақырады. Директордың жиналысты шақыру туралы шешімі талап берілген сәттен бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей қабылдануға тиіс.
- 5.5. Қор директоры кезекті жиналыстың шақырылған күні және ұсынылатын күн тәртібі туралы кезекті жиналыс шақырылған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Қордың әрбір құрылтайшысына (қатысушысына) хабарлайды. Хабарламада жиналыстың өткізілетін уақыты мен орны, сондай-ақ болжамды күн тәртібі көрсетілуге тиіс.
- 5.6. Қордың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі және бекітіледі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады. Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жалпы жиналысы оған Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жартысынан астамы қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.
- 5.7. Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жалпы жиналысы, егер оған қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жартысынан астамы не олардың уәкілетті өкілдері қатысса, заңды (кворумы бар) болып есептеледі.
- 5.8. Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жалпы жиналысы жалпы жиналыс құрылтайшысының (қатысушысының) жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы коммуникация құралдары пайдаланыла отырып, көзбе-көз не сырттай тәртіппен, электрондық дауыс беру тәртібімен өтуі мүмкін.
- 5.9. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысының осы Жарғыда не Қордың ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда белгіленген шешім қабылдау тәртібін бұза отырып қабылданған шешімі жалпы жиналыстың заңнамаға не Қордың Жарғысына қайшы келетін шешімі, оның ішінде құрылтайшының (қатысушының) құқықтарын бұзатын шешімді сот дауыс беруге қатыспаған немесе дау айтылатын шешімге қарсы дауыс берген Қор құрылтайшысының (қатысушысының) өтініші бойынша толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін.

6. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

- 6.1. Қордың Қамқоршылық кеңесі Қордың директорын тағайындайды (босатады), Қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ Қордың жарғысында бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру және қамқоршылық кеңестің мүшесі өкілеттігінен босату құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімімен жүргізіледі. Қамқоршылық кеңес Кеңес төрағасынан тұрады және кемінде екі мүшеден тұруға тиіс. Некеге немесе жақын туыстыққа байланысты тұлғалар кеңестің мүшелері бола алмайды, сондай-ақ Қордың штаттық қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің мүшелері бола алмайды. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен сайланады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің және Қордың құрылтайшыларының (қатысушыларының) Қор қаражатынан көмек алуға құқығы жоқ.
- 6.2. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.
- 6.3. Қордың Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - Қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;
 - атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және ол туралы ережені бекіту, Атқарушы органды сайлау және оның өкілеттіктерін тоқтату, Атқарушы органның лауазымдық жалақысының мөлшері;
 - есеп саясатын бекіту;
 - Қордың ішкі қағидаларын және оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша оларды қабылдау рәсімдерін бекіту;
 - Қордың жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
 - құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысының, тексеру комиссиясының және Қордың атқарушы органының құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешу.
- 6.4. Қамқоршылық кеңес белгілі бір саладағы сарапшыларды тарта отырып, консультативтік-кеңесші органдар құруға құқылы.
- 6.5. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырыстары Қордың Қамқоршылық кеңесі төрағасының немесе атқарушы органының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.
- 6.6. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізуге арналған кворум Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамын құрайды.
- 6.7. Қамқоршылық кеңестің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелер санының жай көпшілік даусымен қабылданады.
- 6.8. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қамқоршылық кеңестің бір мүшесінің дауысын басқа мүшеге не үшінші тұлғаларға беруіне тыйым салынады.
- 6.9. Егер қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысына қатыса алмаған жағдайда, ол жазбаша пікірін Қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысы басталуының күн тәртібі бойынша электрондық (сканерленген) түрде жібергенге дейін дауыс беруге құқылы.
- 6.10. Қамқоршылық кеңестің шешімдері Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
- 6.11. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңестің отырыстарына төрағалық етеді, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Дауыстар саны тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.12. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 6.13. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырумен айналысады және қамқоршылық кеңес жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

7. АТҚАРУШЫ ОРГАН

- 7.1. Қамқоршылық кеңес үш жыл мерзімге сайлайтын (тағайындайтын) Директор Қордың атқарушы органы болып табылады.
- 7.2. Қордың қызметіне ағымдағы басшылықты және оның істерін жүргізуді атқарушы орган – Қордың директоры жүзеге асырады.

Қор Директоры:

- Қор атынан сенімхатсыз әрекет етеді, өз құзыреті шегінде шарттар/елісімшарттар/ жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
 - банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар ашады;
 - Қорға өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
 - Қор қызметінің мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдар мен соттарды қоса алғанда, отандық және шетелдік ұйымдармен қатынастарда қордың атынан өкілдік етеді;
 - Қордың құрылтайшыларының (қатысушыларының) жалпы жиналысы мен Қамқоршылық кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
 - Қор қызметінің нәтижелері туралы жылдық есептерді дайындайды және оларды Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсынады;
 - Қор жұмысының ашықтығын және бақылауда болуын қамтамасыз етеді;
 - аудиттелген қаржылық есептілікті тиісті интернет-ресурста жариялауды жүзеге асырады;
 - Қор өткізетін іс-шаралардың ақпараттық жариялануын қамтамасыз етеді, брифингтер ұйымдастырады;
 - Қордың операциялық қызметін реттейтін, осы Жарғыға және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысының және қамқоршылық кеңестің құзыретіне жатпайтын ішкі құжаттарды бекітеді;
 - Қордың құрылымы мен штат санын бекітеді;
 - Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) Жалпы жиналысының және Қордың Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне кірмейтін Қор қызметінің өзге де мәселелерін өзінің қарауына қабылдауға құқығы бар. Атқарушы орган белгілі бір саладағы сарапшыларды тарта отырып, консультативтік-кеңесші органдар құруға құқылы.
- 7.3. Қордың атынан сенімхатсыз әрекет ету құқығына Қордың жеке-дара атқарушы органы болып табылатын **Директор ғана** ие. Өзге тұлғалар Қордың атынан Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Директор берген сенімхат негізінде ғана әрекет етуге құқылы.
- 7.4. Директор Қордың мүдделерін мемлекеттік органдарда, соттарда, меншік нысанына қарамастан ұйымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда білдіреді.

8. ҚОРДЫҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

- 8.1. Қордың қаржылық жылы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.
- 8.2. Қор өз қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасында қолданыстағы қағидаларға сәйкес статистикалық есептілік жүргізеді. Қор есепке алу мен есептіліктің дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 8.3. Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды Құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысы 3 (үш) жыл мерзімге сайлайтын Тексеру комиссиясы жүзеге асырады.
- 8.4. Тексеру комиссиясының құрамына қоғамдық бірлестіктердің және өзге де коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері кіруі мүмкін.
- 8.5. Тексеру комиссиясы кемінде үш мүшеден тұрады, оны Тексеру комиссиясының мүшелері өз мүшелерінің арасынан сайлайтын Төраға басқарады және өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.
- 8.6. Жақын туыстыққа байланысты тұлғалар Тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды. Тексеру комиссиясына кіретін қоғамдық бірлестіктер мен өзге де коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.
- 8.7. Тексеру комиссиясы кез келген уақытта Қордың қаржы - шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясы осы мақсат үшін Қордың барлық қаржы-шаруашылық құжаттарына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Тексеру комиссиясының талап етуі бойынша атқарушы орган қажетті түсіндірмелерді ауызша немесе жазбаша нысанда беруге міндетті.

- 8.8. Тексеру комиссиясы қордың жылдық қаржылық есептілігіне оны қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жалпы жиналысы бекіткенге дейін міндетті түрде тексеру жүргізеді.
- 8.9. Тексеру жүргізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиторлық ұйымдар тартылуы мүмкін.
- 8.10. Қамқоршылық кеңес Қордың қызметіне аудиторлық тексеруді жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жалпы жиналысы жылдық қаржылық есептілікті Тексеру комиссиясының, сондай-ақ аудиторлық ұйымның қорытындысынсыз бекітуге құқылы емес.
- 8.11. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептерді жыл сайын жариялауға міндетті.

9. ҚОРДЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

- 9.1. Қор қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін бас бухгалтер жүзеге асырады. Атқарушы орган мен бас бухгалтер некеге, жақын туыстыққа немесе ерешелікке байланысты болмауға тиіс. Бір адам екі лауазымда да бола алмайды.
- 9.2. Лауазымды тұлғалар Қордың мүлкі мен мүліктік құқықтарын осы Жарғының мақсаттарына сәйкес пайдаланбауға немесе пайдалануға жол бермеуге тиіс.
- 9.3. Қордың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормаларын бұзатын шешімдер қабылдауы салдарынан келтірілген залалдарды Қорға өтеуге міндетті.

10. ҚОР МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ

- 10.1. Қордың мүлкін осы Жарғыда көзделген қызметті материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті материалдық құндылықтар мен қаржы ресурстары құрайды.
- 10.2. Қор мүлкін қалыптастыру көздері мыналар болып табылады:
- Қор құрылтайшыларынан түсетін түсімдер;
 - Ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
 - Акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивиденттер, кірістер, сыйақы (мүдде);
 - Осы Жарғыда айқындалған мақсаттарда жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметтен түсетін түсімдер (кірістер);
 - Гранттар түріндегі қаржылық көмек;
 - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат пен түсімдер.
- 10.3. Қорлардың құрамын, мақсатын, мөлшерін, құрылу және жұмсалу тәртібін Қамқоршылық кеңес айқындайды.
- 10.4. Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) қордың мүлкіне мүліктік құқықтары жоқ. Қорға келіп түскен барлық мүлік пен ақша Қорға меншік құқығымен тиесілі болады, құрылтайшылар (қатысушылар) арасында бөлінбейді, тек қана жарғылық мақсаттарға жұмсалады.
- 10.5. Қор мүлкінің мөлшері мен құрамы туралы, оның шығыстары туралы мәліметтер коммерциялық құпияның нысанасы бола алмайды.

11. ЕҢБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

- 11.1. Қордың еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.
- 11.2. Қор еңбек шарттарын жасай отырып, қызметкерлерді жалдауға құқылы.
- 11.3. Қордың әрбір қызметкерінің еңбек табысы ең жоғары мөлшермен шектелмейді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық салынады.
- 11.4. Қызметкерлерді әлеуметтік және медициналық сақтандыру қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
- 11.5. Қордың жұмыс режимін Қордың атқарушы органы белгілейді.

12. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 12.1. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.
- 12.2. Жарғыны өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізу құқығы Қордың кез келген құрылтайшысына (қатысушысына), қамқоршылық кеңесіне тиесілі болады және оны атқарушы орган жалпы жиналыстың талқылауына енгізеді.
- 12.3. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

13. ҚОРДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

- 13.1. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер мен тәртіпке сәйкес Қор құрылтайшыларының (қатысушыларының) Жалпы жиналысының шешімі бойынша ерікті түрде немесе сот шешімі бойынша қайта ұйымдастырылуы мүмкін.
- 13.2. Қор Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы заңда, басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы мүмкін.
- 13.3. Қорды қайта ұйымдастыру қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру нысанында және заңдарда көзделген басқа да нысандарда жүргізілуі мүмкін.
- 13.4. Коммерциялық емес ұйым, біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, жаңадан пайда болған ұйымның (ұйымдардың) мемлекеттік тіркеуден өткен кезінен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.
- 13.5. Коммерциялық емес ұйым оған екінші бір ұйымның қосылуы нысанында қайта ұйымдастырылған кезде қосылған ұйым қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап олардың біріншісі қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.
- 13.6. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеу және қайта ұйымдастырылған ұйым (ұйымдар) қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

14. ҚОРДЫ ТАРАТУ ШАРТТАРЫ

- 14.1. Қор ерікті түрде (оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, сондай-ақ құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша) және мәжбүрлі түрде (сот шешімі бойынша) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және басқа да заңнамалық актілерде көзделген негіздер мен тәртіпке сәйкес таратылуы мүмкін.
- 14.2. Қордың құрылтайшылары (қатысушылары) немесе коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы дереу заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
- 14.3. Құрылтайшылар немесе коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңына сәйкес коммерциялық емес ұйымды тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.
- 14.4. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап коммерциялық емес ұйымның мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер оған өтеді. Тарату комиссиясы таратылып жатқан коммерциялық емес ұйымның атынан сотта өкілдік етеді.
- 14.5. Тарату комиссиясы қордың таратылуы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның кредиторларының талап қою тәртібі мен мерзімін әділеттің орталық органының ресми баспа басылымдарында жариялайды. Талап қою мерзімі коммерциялық емес ұйымның таратылуы туралы жарияланған сәттен бастап кемінде екі айды құрауға тиіс.
- 14.6. Тарату комиссиясы кредиторларды анықтау, берешекті өндіріп алу, филиалдар мен

өкілдіктерді есептен шығару шараларын қабылдайды, сондай-ақ кредиторларға қордың таратылуы туралы жазбаша хабарлайды.

- 14.7. Кредиторлар талаптарын ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, онда таратылатын коммерциялық емес ұйым мүлкінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген талаптар тізбесі және оларды қарау нәтижелері көрсетіледі.
- 14.8. Аралық тарату балансы коммерциялық емес ұйым мүлкінің меншік иесімен немесе оны тарату туралы шешім қабылдаған органмен бекітіледі.
- 14.9. Таратылатын коммерциялық емес ұйымда (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, тарату комиссиясы сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен коммерциялық емес ұйымның мүлкін жария сауда арқылы сатуды жүзеге асырады.
- 14.10. Таратылатын коммерциялық емес ұйымның кредиторларына ақша төлеуді тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен, аралық тарату балансына сәйкес, оны бекіткен күннен бастап жүзеге асырады.
- 14.11. Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, ол коммерциялық емес ұйым мүлкінің меншік иесімен немесе оны тарату туралы шешім қабылдаған органмен бекітіледі.
- 14.12. Таратылатын мекемеде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, кредиторлар талаптардың қалған бөлігін осы мекеме мүлкінің меншік иесі есебінен қанағаттандыру туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.
- 14.13. Коммерциялық емес ұйымды тарату аяқталған деп, ал коммерциялық емес ұйым өз қызметін тоқтатты деп ол туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

15. ҚОР ТАРАТЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА МҮЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

- 15.1. Коммерциялық емес ұйым таратылған жағдайда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік, егер заңнамалық актілерде өзге тәртіп көзделмесе, құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға бағытталады.
- 15.2. Егер коммерциялық емес ұйым салықтық және өзге де жеңілдіктерді пайдаланған, мүшелердің және (немесе) құрылтайшылардың жарналары, өз қызметінен түскен кірістер, қоғамның қайырымдылық көмектері есебінен өмір сүрген, мемлекеттен немесе мемлекеттік емес ұйымдардан гранттар алған жағдайда, тарату кезінде кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүлік мүшелер, құрылтайшылар, лауазымды тұлғалар немесе жалдамалы қызметкерлер арасында қайта бөлінуге жатпайды және ұйымның жарғылық мақсаттарына сәйкес оның жарғысында көзделген тәртіппен пайдаланылуға тиіс. Егер ұйымның жарғысында мұндай тәртіп көзделмеген болса, тарату туралы шешім қабылдаған органның шешімі бойынша қалған мүлік таратылатын ұйымның мақсаттарына ұқсас немесе соған жақын мақсаттарды көздейтін коммерциялық емес ұйымға берілуі мүмкін. Мұндай заңды тұлғалар болмаған жағдайда, мүлік мемлекетке беріледі, ол оны ұқсас мақсаттарда пайдаланады.

16. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР

- 16.1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады.
- 16.2. Филиал – коммерциялық емес ұйымның орналасқан жерінен тыс орналасқан және оның барлық немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі.
- 16.3. Өкілдік – коммерциялық емес ұйымның орналасқан жерінен тыс орналасқан және оның мүдделерін қорғау мен өкілдік етуді жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық әрекеттер жасайтын оқшауланған бөлімше.
- 16.4. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Олар өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның мүлкімен қамтамасыз етіледі және ол бекіткен ереже негізінде

әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке балансқа және оларды құрған коммерциялық емес ұйымның балансына есепке алынады.


- 16.5. Коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары ұйымның уәкілетті органы тарапынан тағайындалады және оның сенімхаты негізінде әрекет етеді.
- 16.6. Филиал мен өкілдік өз қызметін оларды құрған коммерциялық емес ұйымның атынан жүзеге асырады. Өз филиалының немесе өкілдігінің қызметі үшін жауапкершілікті оларды құрған коммерциялық емес ұйым көтереді.
- 16.7. Коммерциялық емес ұйым филиалы мен өкілдігінің атауы оларды құрған ұйымның атауын қамтуы тиіс.
- 16.8. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктері есептік тіркеуге жатады, ал атауы өзгерген жағдайда қайта тіркеуден өтеді.
- 16.9. Есептік тіркеу (қайта тіркеу) тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамаға сәйкес айқындалады.

Құрылтайшылар:

Даумов Алтай Алмасович



Ескендіров Тоқтар Рамазанұлы



Крашенина Александра Борисовна

